

«6D061300-Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Чилдибаева Асель Жумаголовнаның «Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. осімдігінің популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына сәйкес. Диссертациялық жұмыс Иле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, эндемдік <i>Rosa iliensis</i> өсімдігінің популяцияларының қазіргі жағдайын экологиялық-биологиялық және геоботаникалық негізде зерттеуге бағытталған.</p> <p>1) Бұл диссертациялық жұмыстың мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаға және басқа да мемлекеттік бағдарламаларға еш қатысы жоқ.  2) А.Ж.Чилдибаеваның «Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік <i>Rosa iliensis</i> өсімдігінің популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы № 988 қаулысымен бекітілген және де Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаевтың 2020 және 2022 ж. қыркүйек айындағы Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимылды кезеңі» атты жолдауларына сәйкес келеді.  3) А.Ж.Чилдибаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкімет жаңындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D015-Жаратылыстану саласының «6D061300-Геоботаника» мамандығы бойынша даярланған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмыстарын жүргізу барасында қол жеткізген ғылыми жетістіктерін қомақты деп айтуда толық негіз бар. Ең бастысы сирек кездесетін, жойылу қаупі төніп тұрған эндемдік - <i>Rosa iliensis</i> өсімдігін интродукцияға ендірген және оның жапырағына, гүліне, жемісіне, тұқымына фитохимиялық зерттеулер жүргізген. Мұны диссертанттың ғылымның дамуына қосқан үлесі деп білемін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	А.Ж.Чилдибаеваның диссертациялық жұмысы өте жатық, оқуға жеңіл, ғылыми тілде жазылған. Диссертант алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толығымен орындаі білген. Алынған нәтижелерінің ішкі

		3) төмен; 4) өзі жазбаган	бірлестігі, үндестігі және байланысы айқын байқалады. Диссертациялық жұмыс аса өзекті мәселеге, нақтырақ айтқанда жойылу қаупі төніп тұрған, эндемдік <i>Rosa iliensis</i> өсімдігінің популяцияларын зерттеуге арналған. Онда теориялық және практикалық мәселелер де шешімін тапқан. Сондықтан да бұл жұмыс дербес, толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі толығымен негізделген. Соның уақытта бүкіл әлем бойынша халық санының өсуі және ғылым мен техниканың қарқынды дамуы байқалады. Бұл қоршаган ортаға, ен алдымен өсімдіктер әлеміне антропогендік әсердің артуына әкеліп соқтыруда. Бұл әсерлер көп қыры. Оларға қуаттылығы әртүрлі су электр станцияларын салу, теміржол және автомобиль жолдары жүйесін салу, мұнай мен газды айдау үшін құбырлар жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты (тұсті және қара металдар, көмір, мұнай, газ және уран) пайда болған бүлінген жерлер жатады. Сонымен бірге климаттың өзгеруінің де қоршаган ортаға әсері орасан зор. Сондықтан да қазіргі кезде өсімдіктердің генофондын қорғау және тиімді пайдалану, онын ішінде сирек кездесетін, эндемдік тұрлерді зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өсімдіктердің биологиялық алуантүрлілігін сактаудың бірден-бір жолы - сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, эндемдік тұрлердің табиги популяцияларының кездесетін жерлерін тауып, оларды геоботаникалық және флоралық тұрғыдан зерттеп, қазіргі кездегі жағдайына баға беру. Осындағы тұрлердің бірі - <i>Rosa iliensis</i> 1ле және Шарын өзендерінің жайылмаларындағы табиги популяцияларының кездесетін жерлері үлкен экологиялық қыспакта тұр. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін <i>Rosa iliensis</i> өсімдігінің популяцияларының кездесетін жерлерін нақты тауып белгілеп, оларға геоботаникалық және флоралық тұрғыдан зерттеу жүргізіп, қазіргі кездегі жағдайына баға беру және осы өсімдікті қорғауға байланысты нақты ұсыныстар беру жұмыстың өзектілігі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды. Зерттеу жұмысының материалдары, диссертацияның барлық зерттеуге қатысты тарауларын, жетекші идеяларын, зерттеу объектілерінің барлық компоненттерін толық қамтиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты: 1ле және Шарын өзендерінің жайылмаларында сирек кездесетін, эндемдік <i>R.iliensis</i> өсімдігінің популяцияларын тауып, оларға геоботаникалық

		<p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сүни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Сипаттамалар жүргізіп, өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамына талдау жасау және осы түрдің популяцияларының қазіргі жағдайына баға беру. Сонымен бірге өсімдіктің осы түрін корғауға қатысты нақты ұсыныстар беру болып табылады. Зерттеу міндеттері: Іле және Шарын өзендерінің жайылмаларында сирек кездесетін, эндемдік <i>Riliensis</i> өсімдігінің популяцияларын тауып, оларды геоботаникалық түрғыдан сипаттау; <i>Riliensis</i> өсімдігінің популяциялары денгейіндегі ценопопуляцияларды бөліп қарастыру, олардағы осы түрдің жастық құрамын анықтау; <i>Riliensis</i> кездесетін өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамын анықтау, оларға жан-жақты талдау жасау; <i>Riliensis</i> өсімдігінің вегетативтік мүшелерінің (сабағының және жапырағының) морфо-анатомиялық құрылым ерекшеліктерін зерттеу; <i>Riliensis</i> өсімдігінің гүлінің, жемісінің, тұқымының құрамындағы биологиялық белсененді заттарды анықтау; <i>Riliensis</i> өсімдігін Іле Алатауының далалық биіктік белдеуі жағдайында интродукцияға ендіру осы өсімдікті қорғау шараларына қатысты ғылыми түрғыдан негізделген ұсыныстар жасау диссертацияның мақсат-міндеттерінде нақты қойылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылымы алынған ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық түрғыдан толық, бірізділікпен дұрыс байланысқан. Алынған зерттеу нәтижелері тұжырымды сипатталған, қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған. Сондықтан да жұмысты логикалық бір ізді аяқталған, алдына қойылған мақсат міндеттері толық орындалған деп қарастауды болады.</p> <p>Автордың ұсынған жаңа шешімдер ғылыми негізде нақтыланған. Бұл диссертациялық жұмыста осы бағытта бұрын жүргізілген жұмыстарға да талдаулар жасалып, сараптамалар жүргізілген. Қысқасы бұл жұмыстан сыни талдауды да және нақты ұсыныстарды да кездестіруге болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Алғаш рет Іле және Шарын өзендерінің жайылмаларында сирек кездесетін, тараулар аймағы шектеулі, эндемдік <i>Riliensis</i> өсімдігінің популяцияларына геоботаникалық сипаттамалар берілген. Онда осы түрдің жастық спекторына ерекше мән берілген және өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамына талдау жасалынған. <i>Riliensis</i> өсімдігінің вегетативтік мүшелерінің (жапырақ, сабак) морфо-анатомиялық құрылым ерекшеліктері зерттеліп, оларға сипаттамалар берілген. Гүлінің,</p>

			жапырағының, жемісінің, тұқымының құрамындағы биологиялық белсенді заттар анықталған. Олардан басқа <i>Riliensis</i> өсімдігінің үш популяциясының да топырағына кесінділер салынып, генетикалық горизонттары бойынша морфологиялық сипаттамалар жасалған, әр горизонттынан сынамалар алынып, оларға химиялық талдаулар жасалынған. Нақтырақ айтқанда, топырақтың қарашірінділер мөлшері, pH мәні және ылғалдылық деңгейі анықталған. Сонымен бірге топырағының механикалық және химиялық құрамына да талдау жасалынған. Жүргізілген осындай кешенді зерттеулердің нәтижесінде <i>Riliensis</i> өсімдігінің биологиялық және экологиялық ерекшеліктеріне қатысты бірқатар жаңа, тың мәліметтер алынған. Бұл мәліметтер <i>Riliensis</i> өсімдігінің зерттеуге алынған популяцияларының қазіргі кездегі жағдайына ғылыми тұрғыдан баға беруге және оны корғауға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен негізделеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың барысында жасалған тұжырымдар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс үйімдестірылып, жүргізуі ғылыми жарияланымдармен негізделген. Бұл әсіресе диссиденттің фитохимиялық зерттеулерінің нәтижесінде айқын көрініс тапқан.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b>	A.Ж.Чилдибаевың диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Қорытындылардың негізділігі теориялық-әдістемелік, биологиялық, экологиялық, геоботаникалық, фитохимиялық әдістермен үйлестірілген. Әсіресе <i>Riliensis</i> өсімдігін қорғауға қатысты жасалған қорытындылары және осы тұрдің медицинада, парфюмерия өнеркәсібінде қолдануға қатысты жасалған тұжырымдары көңілге қонарлық және өз зерттеулерінің нәтижелерінен туындалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қагидаттар	Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қагидат дәлелденді ме?	1. Эндемдік <i>Riliensis</i> өсімдігінің статусы оның таралу аймағының шектеулілігімен және экологиялық-ценотикалық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Ол түтеп келгенде <i>Riliensis</i> өсімдігінің

	<p>1) дәлелдеңді;      2) шамамен дәлелденді;      3) шамамен дәлелденбеді;      4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;      2) орташа;      3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p>	<p>популяцияларының қазіргі кездеғі жағдайына ғылыми тұрғыдан баға беруді қажет етеді. Бұл сұрақтың шешімін табу үшін мына төмендегідей қағидалар қорғауга ұсынылды: 1) Іле және Шарын өзендерінің жайылмаларынан табылған, таралу аймагы шектеулі, эндемдік <i>Riliensis</i> өсімдігінің популяцияларына жүргізілген геоботаникалық зерттеулердің нәтижелері; 2) Іле және Шарын өзендерінің жайылмаларынан табылған, таралу аймагы шектеулі, эндемдік <i>Riliensis</i> кездесетін өсімдіктер қауымдастырының флорасына жүргізілген талдаулардың нәтижелері; 3) Зерттеуге алынған популяциялардағы <i>Riliensis</i> өсімдігінің вегетативтік мүшелеріне (жапырағына, сабагына, тамырына) жүргізілген морфо-анатомиялық зерттеулердің нәтижелері; 4) <i>Riliensis</i> өсімдігінің жапырағына, ғұліне, жемісіне және тұқымына жүргізілген фитохимиялық зерттеулердің нәтижелері; 5) <i>Riliensis</i> өсімдігін интродукцияга ендіру жұмыстарының нәтижелері; 6) <i>Riliensis</i> өсімдігінің жапырағына, ғұліне, жемісіне және тұқымына жүргізілген фитохимиялық зерттеулердің нәтижелері. Әр қағидат бойынша биологиялық, экологиялық, геоботаникалық, фитохимиялық зерттеу әдістерімен негізделіп, қағидалар дәлелденген.</p> <p>2. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер тривиалды емес, ғылыми тұрғыдан дәлелденген, алдағы уақытта қолданыту ауқымы кең және бұл докторанттың мақалаларында дәлелденген.</p> <p>3. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жана, ізденушінің практикалық зерттеу барысында алынған.</p> <p>4. Зерттеушінің тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтері биология саласының ботаника, анатомия, морфология, систематика, геоботаника, топырақтану, интродукция, медицина ғылымдарында үлкен қолданыска ие.</p> <p>5. Зерттеу жұмысының нәтижелері 13 ғылыми еңбектерде басылып шықты, оның ішінде: 2 мақала Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі респубикалық ғылыми журналдарда, 7 тезис халықаралық ғылыми конференциялар материалдар жинағында жарияланған.</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі      Дереккөздер мен      ұсынылған      ақпараттың</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе      әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған әдістемелер дұрыс таңдалып, негізделген және әдіснама нақты жазылған. Соның нәтижесінде алға қойған мақсаты толық орындалған.</p>

	дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған мәліметтер статистикалық өндөуден өткен.
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Теориялық қорытындылар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биология және биотехнология факультетінің биоалуантурлік және биоресурстары кафедрасында жүргізілген тәжірибелік жұмыстарымен дәлелденген және расталған. Зерттеу жұмысының тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және басқа да ғылыми басыттымдарда жарияланған.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жарияланған ғылыми макалалар алыс-жакын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бакылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарға, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарына сілтеме жасау арқылы расталған.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті, 315 әдебиеттер қолданылған. Әдебиеттер жаңа және ағылшын тіліндегі рейтингі жоғары журналдарда жарияланған макалаларға сілтемелер жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Іле және Шарын өзендерінің жайылмаларында сирек кездесетін, таралу аймагы шектеулі, әндемдік <i>R.iliensis</i> өсімдігінің популяцияларын кешенді зерттеу нәтижелері негізінде оның қазіргі жағдайына ғылыми тұрғыдан баға берілді. Сонымен бірге осы түрді қорғауға қатысты нақты ұсыныстар берілген.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Интродукцияға ендірілген <i>R.iliensis</i> өсімдігінен жиналған тұқымдар, түрдің генофондын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиги ресурстар министрлігіне қарасты, Орман шаруашылығы және жануарлар

			дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» шаруашылық жүргізу күкірғындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қазақстанның табиғи флорасының тұқым банкі» зертханасына өткізілді. Бұл жұмыстың інтижелерін медицинада да және парфюмерия өнеркәсібінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. <i>R.iliensis</i> тамаша сәндік және дәрілік өсімдік, сондықтан да оның интродукцияға ендірілген формаларын селекциялық жұмыстарда, итмұрынның жаңа Қазақстандық сәндік сорттарын шығару мақсатында аналық өсімдік (маточник) ретінде пайдалануды ұсынамыз. <i>R.iliensis</i> өсімдігінің жемістеріне, тұқымдарына, гүлдеріне және жапырақтарына жүргілтеген фитохимиялық зерттеулер, олардың құрамында бірқатар биологиялық белсенді заттардың болатындығы анықталды. Егер де мемлекет тұргысынан қаржылай және басқалай қолдау болса, <i>R.iliensis</i> өсімдігінің плантациясын өсіріп, Қазақстанның дәрүмендік өндірісін қажетті арзан, табиғи шикізатпен қамтамасыз етуді ұсынамыз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстағы негізгі анықтамалар, сөздіктер мен қысқартулар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның тілі, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Шешімі: А.Ж.Чилдибаевың «6D061300-Геоботаника» мамандығы бойынша «Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Чилдибаева Асель Жумаголовнаның «6D061300-Геоботаника» «мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

**Ресми рецензент:**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Жаратылыстану институты, биология кафедрасының  
қауымд.проф.м.а., биология ғылымдарының кандидаты

